




ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ


**ПЕДАГОГТАРДЫҢ
БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ
КУРСТАРЫН
ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	1-нұсқа: 17.07.2024
	ПЕДАГОГТАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	1-бет

МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ереже	2
2	Біліктілігін арттыру курстарының мақсаты мен міндеттері	3
3	Біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру тәртібі	4
4	Біліктілігін арттыру курстарын өткізу рәсімі	7
5	Педагогтардың біліктілігін арттыру курстарынан соң қорытынды бағалау және өткені туралы құжат беру	7
6	Курстан кейінгі қолдау	9
7	Біліктілікті арттырудың білім беру бағдарламаларының тиімділігіне мониторинг жүргізу	8
8	Қорытынды ереже	9
	1 қосымша – Өтініш нысаны	10
	2 қосымша – Сертификаттың нысаны	11
	3 қосымша – Орындалған жұмыс актісінің нысаны	12



 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	1-нұсқа: 17.07.2024
	ПЕДАГОГТАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	2-бет

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1.1 Осы Педагогтардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде (бұдан әрі-Университет) біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру, жүргізу тәртібін айқындайды, сондай-ақ педагогтың қызметін курстан кейінгі қолдауды ұйымдастыру, жүргізу және білім беру бағдарламаларының тиімділігіне мониторинг жүргізу тәртібін белгілейді.


1.2 Ереже мынадай нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленді:

- 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы;
- 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы;
- 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығымен бекітілген Педагогтардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтың қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 27 желтоқсандағы № 570 бұйрығымен бекітілген Білім беру мониторингінің шеңберінде әкімшілік деректер нысандары.

1.3 Құжатта қолданылатын негізгі терминдер мен анықтамалар 1-кестеде келтірілген.

1 кесте – Терминдар мен ұғымдар

Термин	Анықтама
<i>Біліктілік</i>	тиісті кәсіби қызмет түрі шеңберінде жұмыстарды орындау үшін қажетті кәсіби білім, іскерлік, дағды және жұмыс тәжірибесінің жиынтығы;
<i>Мониторинг</i>	білім беру процестерін жүзеге асырудың жай-күйін және нәтижелері мен шарттары өзгеруінің серпінін, білім алушылар контингентін, білім беру ұйымдары желісін, сондай-ақ олардың қызметі жетістіктерінің рейтингілік көрсеткіштерін жүйелі түрде байқау, талдау, бағалау және болжау;
<i>Қорытынды бағалау</i>	қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курстары бағдарламасының талаптарына сәйкес педагогтің біліктілік деңгейі мен құзыреттілігін растау рәсімі;

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	1-нұсқа: 17.07.2024
	ПЕДАГОГТАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	3-бет

<i>Біліктілікті арттыру</i>	оқыту мен оқыту сапасын арттыру үшін жаңа білім алуға, сондай-ақ бұрын алған кәсіби білімдерін, біліктерін, дағдылары мен құзыреттерін қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін кәсіптік оқыту нысаны
<i>Педагог қызметін курстан кейінгі қолдау</i>	педагогтың курстан кейінгі қызметін үздіксіз мониторингтеу және әдістемелік, консультациялық көмек көрсету арқылы оның кәсіби құзыреттілігін дамытуды қамтамасыз ететін іс-шаралар жүйесі
<i>Тыңдаушы</i>	біліктілікті арттыру курсынан өтуші адам
<i>Сертификат</i>	біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасына сәйкес қорытынды бағалаудан табысты өткен тыңдаушыларға берілетін құжат;
<i>Тренер</i>	тренерлерді даярлау бағдарламасы бойынша оқудан өткен және біліктілікті арттырудың білім беру бағдарламаларын іске асыратын адам;

1.4 Педагогтардың біліктілігін арттыру курстарын (бұдан әрі –Курстар) ұйымдастыруға және жүргізуге жалпы басшылық пен бақылауды оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор жүзеге асырады.

1.5 Университетте курстарды ұйымдастырумен, ақпараттық қолдаумен және жүргізумен біліктілікті арттыру бөлімі (бұдан әрі – бөлім) айналысады.


1.6 Бөлім бекітілген Білім беру бағдарламаларына (ББ) сәйкес Курстарда оқытуды жүзеге асырады.

1.7 Курстардың білім беру бағдарламаларын Университет жеке айқындайды және олардың педагогикалық қызметінің бағытына сәйкес еңбек нарығының қажеттіліктерін, жұмыс берушілердің сұранысын және тыңдаушылардың мүдделерін ескереді.

2 БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ КУРСТАРЫНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1 Біліктілікті арттыру дегеніміз тыңдаушы жұмыс істейтін ұйымның басқару, оқу, әдістемелік, ғылыми, инновациялық, шығармашылық және тәрбие қызметін жетілдіруге ықпал ететін кәсіби міндеттерді шешудің заманауи әдістерін игеру үшін қажетті оқыту.

2.2 Біліктілікті арттыру жаңа білім алуға, сондай-ақ бұрын алған кәсіби білімдерін, іскерліктерін, дағдылары мен құзыреттерін қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік береді.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	1-нұсқа: 17.07.2024
	ПЕДАГОГТАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	4-бет

2.3 Университет ұсынатын курстар кәсіби шығармашылық білімі бар адамдарды мамандандырылған даярлауға бағытталған және тыңдаушылардың білім беру, педагогикалық және кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға ықпал етеді.

2.4 Курстардың мақсаты бар кәсіби білімді тереңдету және жетілдіру, кәсіби қызметтің сапасын арттыру, мәдениет және өнер саласындағы мамандарға қойылатын заманауи талаптарға сәйкес педагогтердың лауазымдық міндеттерін тиімді орындауы үшін теориялық және практикалық білімді жаңарту болып табылады.

2.5 Университет келесі шарттарға сәйкес келген жағдайда Курстар өткізуге құқылы:

- оның ғылым кандидаты, ғылым докторы және/немесе философия докторы (PhD) дәрежесі, бейіні бойынша доктор және/немесе магистр академиялық дәрежесі бар қызметкерлерінің және/немесе «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» біліктілік санаты бар педагогтардың және/немесе мәдениет және өнер ұйымдарында кемінде 3 (үш) жыл кәсіби жұмыс өтілі бар мамандардың үлесі Университет қызметкерлерінің жалпы санының кемінде 40 (қырық) пайызын құрайды;

- білім беру бағдарламаларын әзірлеуді, келісуді және бекітуді, біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру мен жүргізуді, педагогтың қызметін курстан кейінгі қолдауды жүзеге асыруды және Университеттің Ғылыми кеңесі бекіткен білім беру бағдарламаларының тиімділігіне мониторинг жүргізуіді реттейтін құжаттары бар;

- мүліктің санитарлық ережелер мен өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келетін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығына тиесілі материалдық активтері немесе жалға алынған материалдық активтері бар.

3 БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ КУРСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ


3.1 Университетте Курстар ұйымдастырылады:

- еңбек қызметінен қол үзбей;
- еңбек қызметінен қол үзіп;
- еңбек қызметінен ішінара қол үзіп.

3.2 Курстар келесі оқыту нысандарында өткізілуі мүмкін: күндізгі; қашықтықтан (онлайн); аралас.

3.3 Біліктілікті арттырудың білім беру бағдарламаларын іске асыратын Тренер (бір және одан да көп позициясы бар) Университет педагогы болып табылады:

- ғылым кандидаты, ғылым докторы ғылыми дәрежесі;
- философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі;

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	1-нұсқа: 17.07.2024
	ПЕДАГОГТАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	5-бет

- магистр академиялық дәрежесі;
- «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» біліктілік санаты;
- мәдениет пен өнер ұйымдарында кәсіби жұмыс өтілі кемінде 3 (үш) жыл.

3.4 Дәрістер оқу және практикалық сабақтар өткізу үшін екі-үш тренердің біліктілікті арттырудың білім беру бағдарламасын іске асыруына жол беріледі.

3.5 Университет:

- педагогты курстарда оқыту;
- педагогтың қызметін курстан кейінгі қолдау;
- білім беру бағдарламаларының тиімділігін мониторингілеуді жүзеге

асырады.

3.6 Университет жыл сайын Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің (ҚР ОАМ) біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламалары тізіліміне (бұдан әрі – Тізілім) кіретін Курстар үшін:

1) педагогтардың біліктілігін арттырудың перспективалық жоспарын жасайды және өтінім дайындайды;

2) 1 (бірінші) маусымға дейін:

- облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) тиісті білім басқармасының органдарына педагогтарды курстарға жіберу туралы өтінімді;

- ҚР ОАМ педагогтарды курстарға (республикалық білім беру ұйымдарына) жіберу туралы өтінімді еркін нысанда ұсынады.

3.7 Университет Тізілімге кіретін Курстарды өткізудің жылдық кестесін әзірлейді және:

- жергілікті бюджет есебінен біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын іске асыру кезінде тиісінше облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың білім басқармаларымен;

- республикалық бюджет есебінен біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын іске асыру кезінде ҚР ОАМ және тиісті облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың білім басқармаларымен келіседі.

3.8 Курстарды өткізудің жылдық жоспары мен кестесін Бөлім оқу жылына жасайды және оны Университет ректоры бекітеді.

3.9 Бөлім Курстар басталғанға дейін кемінде бір ай бұрын Университет сайтында Курстарға топтарды қабылдау туралы ақпаратты орналастырады.

3.10 Университетте Курстардан оқуды кәсіптік қызметпен айналысатын және тиісті шығармашылық мамандық бойынша кәсіптік білімді, іскерлікті, дағдылар мен құзыреттерді игеруге, кеңейтуге және тереңдетуге мүдделі кәсіптік және техникалық, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар тұлғалар өтуі мүмкін.

3.11 Университет ұсынады:

1) біліктілікті арттырудың топтық курсы (4 адамнан бастап) - жоспарда немесе тыңдаушылардың, ұйымдардың өтінімі бойынша мәлімделген курстар бойынша жүзеге асырылады;

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	1-нұсқа: 17.07.2024
	ПЕДАГОГТАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	6-бет

2) біліктілікті арттырудың жеке курсы - тыңдаушының таңдауы бойынша.
 3.12 Егер тілек білдірген үміткерлерден белгіленген нысан бойынша кемінде 4 өтінім келіп түссе, топтық Курс қалыптастырылған болып есептеледі.

3.13 Тілек білдіруші кәсіби даярлық бейіні бойынша кемінде 3 (үш) жыл тәжірибесі мен жұмыс өтілі бар Университеттің кез-келген педагогынан жеке Курстан өте алады.

3.14 Жоспарда көрсетілген топтық Курстың ұзақтығы 72 академиялық сағатты құрайды. Білім беру және мәдениет ұйымдарының қажеттіліктеріне байланысты Университет ұзақтығы 36 академиялық сағаттан тұратын топтық Курсты ұйымдастыра алады.

3.15 Тізілімге кіретін Курстың ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайды.

3.16 БК жеке курсының ұзақтығы 36-дан 108 сағатқа дейін өзгеруі мүмкін және тапсырыс берушінің қажеттіліктеріне байланысты белгіленеді.

4 ПЕДАГОГТАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСТАРЫН ӨТКІЗУ РӘСІМІ

4.1 Курсқа қатысу үшін тыңдаушы Бөлімге келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) Жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) Жоғары білім немесе кәсіптік, техникалық білім туралы дипломының көшірмесі;
- 4) Лауазымы мен жұмыс өтілі көрсетілген жұмыс орнынан анықтама.

4.2 Тыңдаушыларды курстарға қабылдау тыңдаушылар тізімі негізінде Университет ректорының бұйрығымен ресімделеді.


4.3 Тыңдаушымен біліктілікті арттыру бойынша қызметтер көрсетуге екіжақты шарт (бұдан әрі - Шарт) жасалады. Онлайн режимде курстардан өту кезінде шарттың сканерленген нұсқасын ұсынуға жол беріледі.

4.4 Шартта курстардан өтудің мынадай шарттары көрсетіледі:

- белгіленген оқу жоспарына, сабақ кестесіне және кестесіне сәйкес оқу;
- оқу тәртібі мен мінез-құлық нормаларын сақтау, оның ішінде профессор-оқытушылар құрамына және басқа да білім алушыларға құрмет көрсету, олардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұқпау;
- курс кестесіне сәйкес барлық сабақтардың кемінде 80% қатысу;
- алынған ең жоғары балдың кемінде 50% көлемінде қорытынды тестілеуден өту.

4.5 Тапсырыс беруші мен Университет арасында жасалған Шарт негізінде курстың оқу жоспары мен оқу кестесі әзірленеді.

4.6 Университет «Ұлттық білім беру деректер қоры» ақпараттық жүйесінен тізілімге кіретін Курстар тыңдаушыларының дербес деректерін жинауды жүзеге

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	1-нұсқа: 17.07.2024
	ПЕДАГОГТАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	7-бет

асырады, сондай-ақ Шартта белгіленген талаптарды бұзған жағдайда тыңдаушының жұмыс берушісін хабардар етеді.

4.7 Курс тыңдаушыларының білім деңгейін бағалау жобалық және аттестациялық жұмыстарды, рефераттарды, эсселерді және біліктілікті арттырудың білім беру бағдарламасында көзделген бақылаудың басқа да нысандарын қорғау кезінде ағымдағы білімді бақылау нәтижелері бойынша жүргізіледі.

5 ҚОРЫТЫНДЫ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ПЕДАГОГТАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСТАРЫНАН ӨТКЕНІ ТУРАЛЫ ҚҰЖАТ БЕРУ

5.1 Курстар аяқталғаннан кейін оқу бағдарламасына сәйкес нысан бойынша қорытынды бағалау жүргізіледі.

5.2 Біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасына сәйкес қорытынды бағалаудан табысты өткен тыңдаушыларға Университет арнайы қорғау дәрежесі бар сертификат нысанында біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы ресми құжат береді.

5.3 Сертификатта біліктілікті арттыру курстарының тақырыбы, сағат көлемі көрсетіледі (2-қосымша). Сонымен қатар, курстық бағдарлама модульдерінің атауы, әр модульдің сағат көлемі және қойылған баға белгіленеді.

5.4 Сертификат беру Университет ректорының бұйрығымен ресімделеді.

5.5 Курстар аяқталған күннен бастап және сертификат берілген күннен бастап 3 (үш) жыл бойы қолданыстағы сертификатқа Университет ректоры қол қояды.

5.6 Сертификаттың түпнұсқалығын тексеру үшін QR коды бар.


5.7 Курс аяқталғаннан кейін Шартқа қосымша Көрсетілген қызметтер актісіне қол қойылады (3-қосымша).

5.8 Университет Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 27 желтоқсандағы «Білім беру мониторингінің шеңберінде әкімшілік деректер нысандарын бекіту туралы» № 570 бұйрығына сәйкес «Ұлттық білім беру дерекқоры» ақпараттық жүйесінің әкімшілік есептілік нысаны бойынша тізілімге кіретін Курстардан өткен педагогтердың деректерін толтырады. Деректер педагогтердың біліктілікті арттыру курстарын аяқтаған сәттен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей толтырылады.

5.9 Қорытынды бағалаудан өтпеген тыңдаушыларға Бөлім біліктілікті арттыру курсы тыңдағаны туралы еркін нысанда анықтама береді.

5.10 Сертификат алмаған тыңдаушылардың мынадай мүмкіндіктері бар:

- жылына бір реттен артық емес білімін қайта бағалау;
- курстардың келесі легімен білімін қайта бағалау;

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	1-нұсқа: 17.07.2024
	ПЕДАГОГТАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	8-бет

- дәлелді себептер бойынша ағымдағы жылдың ішінде бір лектен екінші лекке ауысу;

- дәлелді себептер бойынша аяқталмай қалған курсты растау құжаттарын ұсына отырып аяқтау.

5.11 Шарт талаптарын орындамаған тыңдаушылар Университет Ректорының бұйрығына сәйкес оқудан шығарылады. Бөлім тыңдаушының жұмыс берушісін оқудан шығару туралы хабардар етеді.

6 КУРСТАН КЕЙІНГІ ҚОЛДАУ

6.1 Курстардан өткен педагог жұмыс барысында алған кәсіби құзыреттіліктерін қолданады.

6.2 Курстардан өткен педагогтың жұмыс берушісі:

- педагогтың алған құзыреттерін қолдану нәтижелерін бақылау мақсатында өз ұйымында педагог қызметіне бақылау мен мониторинг жүргізеді;
- курстан кейінгі қолдау және білім беру бағдарламаларының тиімділігіне мониторинг жүргізу мақсатында Университетке қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

6.3 Университет алған білімін тәжірибеде сапалы іске асыру үшін күнтізбелік бір жыл ішінде біліктілігін арттырудан өткен педагогтердің қызметін курстан кейінгі қолдауды жүзеге асырады.

6.4 Курстан кейінгі қолдаудың мазмұны курстардың білім беру бағдарламаларының мақсаттарымен, міндеттерімен және күтілетін нәтижелерімен анықталады.

6.5 Педагог қызметін курстан кейінгі қолдауды жүргізу түрлері:


- тыңдаушыларға олардың педагогикалық, зерттеу және рефлексиялық қызметінде әдістемелік, консультациялық көмек көрсету;

- педагогикалық және зерттеу қызметінің нәтижелерін жариялауға дайындауда консультациялық көмек көрсету;

- педагогтардың кәсіби қоғамдастықтарының жұмысын ұйымдастыру және қолдау, оның ішінде тәжірибе алмасу бойынша іс-шаралар (байқаулар, конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер және басқа да білім беру іс-шаралары) өткізу.

6.6 Курсты іске асырғаннан кейін 1 (бір) жылдан кейін тренер растайтын құжаттармен (хаттамалар, анықтамалар, фотоматериалдар және т.б.) курстан кейінгі қолдау туралы Бөлімге есеп береді.

7. БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУДЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІНЕ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	1-нұсқа: 17.07.2024
	ПЕДАГОГТАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	9-бет

7.1 Курстардың сапасын бақылау және жетілдіру мақсатында білім беру бағдарламаларының тиімділігіне мониторинг жүргізіледі.

7.2 Мониторингі Бөлім жүргізеді, оны өткізуге курстардың бейіні бойынша оқытуды жүргізетін құрылымдық бөлімшелер қатысады.

7.3 Мониторинг барысында курстардың оқу жоспарлары мен бағдарламаларының сапасы, қажетті құжаттаманың болуы мен толықтығы, курстарды ұйымдастыру рәсімінің дұрыстығы және т. б. тексеріледі.

7.4 Курстарды оқыту нәтижелеріне қанағаттану сапасы және сұраныс дәрежесі сауалнама (сауалнама, сұхбат) түрінде жүргізіледі:

- Университетте курстардан өткен педагогтар;
- жұмыс берушілер;
- басқа мүдделі тұлғалар.

7.5 Мониторинг нәтижелері Университеттің оқу-әдістемелік кеңесінің (ОӘК) отырысында тыңдалады.

7.6 Мониторинг нәтижелеріне сүйене отырып, оның сапасы туралы қанағаттанарлықсыз қорытындылар болған жағдайда мынадай қажеттілік туралы шешім шығарылуы мүмкін:

- ББ қайта қарау (жаңарту);
- ББ күшін жою туралы шешім.

7.7 ОӘК шешімі және оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректордың немесе Бөлім басшысының қызметтік жазбасы негізінде ББ қайта қарауға бастама жасалады.

7.8 Қайта қаралған (жаңартылған және толықтырылған) ББ осы Ережеге сәйкес бекіту рәсімінен өтеді.

7.9 Білім беру бағдарламаларының тиімділігіне мониторинг нәтижелерін талдау үш жылда кемінде 1 (бір) рет жүргізіледі.

8 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕ

8.1 Осы Ереже бекітілген күннен бастап күшіне енеді және жаңасымен ауыстырылғанға дейін жарамды.

8.2 Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің ұсыныстары негізінде Ғылыми кеңес Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізуі мүмкін.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	1-нұсқа: 17.07.2024
	ПЕДАГОГТАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	10-бет

1 қосымша – Өтініштің нысаны

«ҚазҰӨУ» РММ ректоры
профессор
ТАЖ

ТАЖ

ӨТІНІШ

Мен, _____ 20__ жылдың _____
ТАЖ

аралығында көлемі _____ сағат «_____» тақырыбы бойынша
өтетін


педагогтардың біліктілігін арттырудың курсына оқу үшін менің кандидатурамды қарауыңызды
өтінемін.

Оқу тілі _____

оқитын тілін көрсету

Оқуды қаржыландыру жеке қаражат есебінен/ қаражат _____
ұйымды көрсету

Қолы
Күні



 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	1-нұсқа: 17.07.2024
	ПЕДАГОГТАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	11-бет

2 қосымша – Сертификаттың нысаны

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
 МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
 «ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ»
 РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
 «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
 ИСКУССТВ»
 МИНИСТЕРСТВА КУЛЬТУРЫ И ИНФОРМАЦИИ
 РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

СЕРТИФИКАТ

Осымен _____ біліктілікті арттыру

ТАЖ

курсын _____ тақырыбы бойынша

(курс тақырыбы)

_____ академиялық сағат көлемінде өткендігін растайды.

Тіркеу нөмірі № _____

Берілген күні : «__» _____ 20 __ жыл

Ректор


ТАЖ

ТАЖ

біліктілікті арттыру курстарында оқу кезінде келесі модульдер бойынша тиісті білім мен дағдылар көрсетті:

№	Бағдарлама модульдерінің атауы	Сағаттар саны	Бағасы



 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	1-нұсқа: 17.07.2024
	ПЕДАГОГТАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	12-бет

3 қосымша – Орындалған жұмыс актісінің нысаны

Тапсырыс беруші _____
ТАЖ

Орындаушы **ҚР МАМ «Қазақ ұлттық өнер
 университеті» РММ**
Астана қ., Жеңіс даңғ 65

ЖСН

ЖСН/БСН

010340003775

Ақылы қызмет көрсету шарты № _____
 _____ 2024 ж.

Құжаттың нөмірі	Әзірленген күні
б/н	2024 ж.

ОРЫНДАЛҒАН ЖҰМЫС АКТІСІ (КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТ)

Реттік нөмірі	Жұмыстардың (қызметтердің) атауы (техникалық ерекшеліктеріне, тапсырмаға, жұмысты орындау кестесіне сәйкес кіші түрлерінің бөлінісінде болған жағдайда)	Өлшем бірлігі	Орындалған жұмыстардың күні (көрсетілген қызметтердің)	Шарт сомасы (теңге)
1	2	3	4	5
1.	Біліктілікті арттыру курстарын жүргізу жөніндегі қызметтер	Қызмет	Кезеңі көрсетіледі	сомасы
2.	Барлығы:	1		сомасы

Тараптар қызметтердің толық көлемде және өтеулі қызметтер көрсету шартында көзделген мерзімдерде көрсетілгенін растайды.

Осы акт осы Шартқа қоса беріледі және оның ажырамас бөлігі болып табылады және тараптар арасындағы түпкілікті өзара есеп айырысуларды растау ретінде қызмет етеді. Тапсырыс берушінің Орындаушы ұсынған қызметтердің (жұмыстардың) сапасы мен көлеміне шағымдары жоқ.

Қабылдады (Тапсырыс беруші)

_____ ТАЖ

Тапсырды (Орындаушы)

Ректор

_____ ТАЖ